

**Әйтеке би ауданы Әйке селолық округі әкімінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 8 "Шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 25 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 желтоқсанда № 4088 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Әйке ауылдық округі әкімінің 12.05.2015 № 4 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 165-V "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Әйке ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әйке ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 8 "Шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3646 санымен тіркелген, 2013 жылғы 11 қыркүйегінде аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

" Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы";

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ірі қара малдары арасында жұқпалы бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Әйке ауылдық округінің Тереңсай ауылы аумағында шектеу іс шаралары белгіленсін";

мемлекеттік тіліндегі шешімнің бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" сөздері тисінше "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әйке ауылдық округі әкімі*

*Н. Алипбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК